

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
КЕАҚ 2023-2029 жылдарға арналған
ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕСУ
САЯСАТЫ

Бұл саясат тұрақты даму және климаттың өзгеруімен күрес қағидаттарын университеттің стратегиялық және жедел процестеріне біріктіруге бағытталған. Біз қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға, табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалануға және студенттерді өзекті экологиялық міндеттерді шешуге дайындауға тырысамыз. Негізгі мақсаттар:

Көміртегі ізін азайту:

- Университеттің көміртегі шығарындыларына аудит жүргізу.
- Энергия тұтынуды азайту және жаңартылатын көздерді (күн панельдері, жел) енгізу жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу.
- Көлікті тиімді басқару: қоғамдық көліктерді, велосипед парктерін және электромобильдерді пайдалануды ынталандыру.

Табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалану:

- Қалдықтарды бөлек жинауды қоса алғанда, қалдықтарды жинау және қайта өңдеу жүйелерін енгізу.
- Суды тиімді пайдалану: жаңбыр суын жинауға арналған жүйелерді орнату, сонымен қатар суды үнемдейтін технологияларды енгізу.
- Оқу бағдарламасында табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану бойынша зерттеулер мен жобаларды қолдау.

Білім және азарту:

- Барлық факультеттердің оқу жоспарларына тұрақты даму және климаттың өзгеруі тақырыбын енгізу.
- Тұрақты даму мәселелері бойынша студенттер мен оқытушылар үшін семинарлар, тренингтер мен конференциялар ұйымдастыру.
- Студенттік бастамалар мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жобаларды ынталандыру.

Ынтымақтастық және серіктестік:

- Орнықты даму мәселелері бойынша жергілікті және халықаралық ұйымдармен әріптестік қатынастар орнату.
- Климаттың өзгеруіне қарсы күреске бағытталған желілік бастамалар мен жобаларға қатысу.

Мониторинг және есеп беру:

- Орнықты даму жөніндегі бастамалардың тиімділігін мониторингілеу және бағалау жүйесін әзірлеу.
- Тұрақты даму саласындағы жетістіктер туралы жыл сайынғы есептерді жариялау.

2023-2029 жылдар бойы «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» өзінің корпоративтік стратегиясы мен білім беру үдерісіне экологиялық қағидаттардың ықпалдасуын қамтамасыз ете отырып, тұрақты даму және климаттың өзгеруіне қарсы күрес бағытында белсенді әрекет етуге міндеттенеді.